




- *Бисенов Ербол Серкебаевич*
- *12 жас, 7 сынып*
- *Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный ауылы*
- *№1 Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі*
- *Пластиктен жасалған бұйым, «Киіз үйдің қаңқасы»*
- *Жетекшісі: Исатайев Акылбек Исатаевич*
- *Жұмыс 28.02.2015 – 9.03.2015 аралығында жасалды*

Жұмысқа қысқаша сипаттама

Киіз үй – көшпенділердің ежелден келе жатқан тұрғын үйі. Киіз үйді қазақ халқының материалдық мәдениетінің үлкен жетістігі деп қарауға болады. Өйткені біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Оны бір жерден екінші жерге атпен немесе түйемен тасымалдауға, тез тігіп, тез жығуға болады. Сонымен бірге оның киіздерінен қыста жауын-шашын өтпейді, жылуды сақтайды, жазда күннің ыстығын өткізбейді. Киіз үйдің іші әрқашан салқын болады. Қазіргі кезде киіз үйді жазда жайлауда, ал қалада кез келген жиын киіз үйсіз өтпейді.

Киіз үйдің қаңқасы төрт бөліктен *қанаттан* (кереге құрайтын ағаштарды *желі*, оның ұзынын *ерісі*, қысқаларын *сағанақ*, *балашық* деп атайды. Желілерді тесіп, қайыстар арқылы көктейді. Керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла, ал ортасы дөңестеу жасалады. Дайын керегені *қанат* деп атайды); *уықтан* (уық кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық бөліктерін: *алақан*, *иіні*, *қары* және *қаламы* деп атайды. Ол иінінен ішке қарай иіле жасалады да, үйдің күмбезді үлгісі осы уықтан басталабы); *шаңырақтан* және екі жаққа ашылатын *есіктен* тұрады. Киіз үйде есік екеу болады: *ішкі есік* - сықырлауық ағаштан жасалады, екіншісі – *киіз есік* – киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Киіз үй жасау үшін әр түрлі ағаштар қолданылады: қанаттары мен уығына – тал, шаңырағына қайың, есігіне қарағай немесе қайың тақтайлар мен білеушелер.

« Киіз үйдің қаңқасы» ден аталатын біздің жобамыз, мектеп базасында сабақта, немесе үйірме сабақтарында жасауға болатын киіз үй қаңқасының макеті. Жұмысты бастамас бұрын болжам жасалып, нәтижеге жету жолдары жоспарланып, эскиз сызбалары жасақталды. Бұнда қаңқа бөліктері пластик (полистирол) материалынан жасалады. Полистирол қолмен өңдеуге өте қолайлы, көп құрал-жабдықты қажет етпейді. Негізгі өңдеу құралы пышақ, құмқағаз, желім және өлшеу, сызу аспаптары. Жобада көзделген негізгі мақсат, ұлттық қолөнерді зерттеп, бұйымды өз қолыммен жасап шығу және оны насихаттау. Ізденіс барысында осындай жұмысты еш жерден таба алмадым. Сол себепті де мен сияқты жас қолөнершілермен тәжірибе бөлісу мақсатымен назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Киіз үйдің керегесі



Уығы



Есігі



Шаңырақ

Жобаның орындалу реті



Керегесін жасау



Уықтарын жасау сәті



Шаңырағын құрастыру

Бөлшектерін біріктіріп құрастыру





